

2023 жылғы қаңтар-қазандағы өнеркәсіп

Хабарлама күні: 2023 жылғы 15 қараша
Келесі хабарламаның күні: – 2023 жылғы 15 желтоқсан

- 1. Түйінді тұстары
- 2. Есепті кезеңдегі өнеркәсіп жұмысының негізгі көрсеткіштері
- 3. Глоссарий
- 4. Әдістеме
- 5. Жарияланымдарға қатысты сілтемелер
- 6. Пайдалы сілтемелер


1. Түйінді тұстары

2023 жылғы қаңтар-қазандағы Қазақстанда өнеркәсіптік өндірістің индексі (бұдан әрі – ӨӨИ) 104,7% құрады. Өндірістің өсуі тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазуда – 6,1%, өңдеу өнеркәсібінде – 3,2%, электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтауда – 4,3%, сумен жабдықтау; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызметте 4,1% байқалады. Өңірлер арасында едәуір өсу Ақмола, Атырау, Солтүстік Қазақстан облыстарында және Алматы қаласында белгіленді.

2. Есепті кезеңдегі өнеркәсіп жұмысының негізгі көрсеткіштері

2023 жылғы қаңтар-қазанда өнеркәсіп өнімдері 38119,7 млрд. теңгеге өндірілді, оның ішінде кен өндіру саласында – 18059,7 млрд.теңгеге (жалпы көлемнен 47,4%), өңдеуде – 17666,3 млрд. теңгеге (46,3%).

Өнеркәсіптік өндіріс индексі



Серпінді кестелер:

[Қазақстан Республикасының қызмет түрлері бойынша өнеркәсіптік өндірістің индексі](#)
[Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнеркәсіптік өндірістің өңірлер бөлінісінде көлемі](#)

Қызмет түрлері бойынша өнеркәсіптік өндірістің индекстері

	2023 жылғы қаңтар-қыркүйек	2023 жылғы қазан		2023 жылғы қаңтар-қазан
		2023 жылғы қыркүйекке	2022 жылғы қазанға	
Өнеркәсіп	104,4	101,8	107,4	104,7
Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	105,4	106,2	112,6	106,1
Өңдеу өнеркәсібі	103,2	94,8	102,6	103,2
Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау	105,1	125,3	96,7	104,3
Сумен жабдықтау; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет	105,6	81,2	90,6	104,1

Шикі мұнайды (109,3%), табиғи газды (109,7%), темірді қоспағанда, кендерді (100,7%), өзге де пайдалы қазбаларды (113,6%) өндіру салаларының артуына байланысты 2023 жылғы қаңтар-қазанда тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазуда ӨӨИ 106,1% құрады.


Өндеу өнеркәсібінде есепті кезеңде 2022 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда ӨӨИ 103,2%-ды құрады. Өсу тамақ өнімдерінде – 2,9%, сусындар – 1,7%, резеңке және пластмасс бұйымдары – 5,5%, өзге де бейметалл минералдық өнімдер өндіруде – 1,8%, машиналар мен жабдықтардан басқа дайын металл бұйымдарын өндіруде – 3,4%, машина жасауда 27% белгіленді.

Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтауда өндіріс көлемі құбыржолдар бойынша газды тәрізді отын өндіру және тарату көлемдерінің 17,5%, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен қамтамасыз ету 6% артуы есебінен ӨӨИ 104,3% құрады.

Сумен жабдықтау, қалдықтарды жинау, өндеу және жою, ластануды жою бойынша қызметте 2023 жылғы қаңтар-қазанда ӨӨИ 104,1% құрады. Суды жинау, өндеу және тарату көлемдері 9,1% артты.

Өндіріс көлемінің өсуі республиканың 15 өңірінде тіркелді, төмендеу Ақтөбе, Қарағанды, Ұлытау, Маңғыстау облыстарында және Астана қаласында белгіленді.

Өнеркәсіптік өндірістің индексі



Электронды кестелер:

[2023 жылғы қаңтар-қазандағы қызмет түрлері бойынша өнеркәсіптік өндірістің көлемі және индекстері](#)

[2023 жылғы қаңтар-қазандағы өңірлер бөлінісінде тұтастай өнеркәсіп бойынша өнімдердің \(тауарлар, қызметтер\) көлемі](#)

[2023 жылғы қаңтар-қазандағы өнеркәсіптік өнімдердің заттай көріністегі өндірісі](#)

3. Глоссарий

Өнеркәсіптік өндірістің құндық көріністегі көлемі – өзінің күрделі құрылыс тараптарына және өнеркәсіптік емес бөлімшелерге өткізуге немесе өзінің қызметкерлеріне еңбек ақы есебінде беруге, сондай-ақ тапсырыс бойынша орындалған өндірістік сипаттағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге арналған кәсіпорындардың өзі шығарған (өз шикізаты және материалдарымен қатар, тапсырыс берушінің шикізаты және материалдарынан дайындалған), барлық дайын бұйымдардың (өнімдердің), жартылай фабрикаттардың құны.

Заттай көріністегі өнеркәсіптік өнім өндіру көлемі – бұл өнімнің нақты түрлерінің заттай көріністегі шығарылымы. Заттай көріністегі өнеркәсіптік өндіріс көлемі жалпы шығарылым, аталған кәсіпорын ішінде өнеркәсіптік-өндірістік қажеттіліктеріне жұмсалған және өңделме шикізаттан өндірілген өнімдер қоса есептеледі.

Өнеркәсіптік өндіріс индексі – бұл салыстырылып отырған кезеңдердегі өнеркәсіптік өнім көлемінің өзгерісін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш.

4. Әдістемелік түсініктемелер

Өнеркәсіптік өнімдер (тауарлар, қызметтер) көрсеткіштерін қалыптастыру үшін өнеркәсіптік кәсіпорындардың, қосалқы қызмет түрі «Өнеркәсіп» болып табылатын кәсіпорындардың, дара кәсіпкерлер, шаруашылық және фермерлік қожалықтардың жалпымемлекеттік статистикалық бақылауларының бастапқы деректері ақпараттық база болып табылады.

Өнеркәсіптік өндіріс индексі есептеу үшін жеке (тауарлық) индекстерді экономикалық қызмет түрлері бойынша индекстерге келесі кезең-кезеңмен агрегациялау өкіл-тауарлардың белгіленген жиыны (себет) бойынша заттай көріністегі серпініне негізделген әдісі қолданылады. Іріленген жиынтықтар үшін индекстер осы жиынтықтарды құрайтын элементтерден орташа өлшем ретінде есептеледі.

Неғұрлым толығырақ әдістемелік түсініктемелер келесі сілтемелер бойынша қолжетімді:

[Өнеркәсіптік өндірістің индексі есептеу Әдістемесі](#)

[Өнеркәсіптік өнімдердің \(тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің\) көрсеткіштерін қалыптастыру және жалпы шығарылымын есептеу жөніндегі әдістеме](#)

5. Жарияланымдарға қатысты сілтемелер

[Статистикалық жинақ «Қазақстан Республикасының өнеркәсібі»](#)

[Статистикалық жинақ «Қазақстан Республикасы бойынша шикізаттың аса маңызды түрлерінің, өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдердің және тұтыну тауарларының ресурстары мен пайдалану баланстары»](#)

[Статистикалық бюллетень «Қазақстан Республикасында өнімнің \(тауарлардың\) және шикізаттың жекелеген түрлерінің ресурстары мен пайдалану»](#)

6. Пайдалы сілтемелер

[Статистикалық нысан «Кәсіпорынның өнім \(тауарлар, көрсетілетін қызметтер\) өндіру және жөнелту туралы есебі» \(индекс 1-П, айлық\)](#)

[Статистикалық нысан «Кәсіпорынның өнім \(тауарлар, көрсетілетін қызметтер\) өндіру туралы есебі» \(индекс 1-П, тоқсандық\)](#)

[«Талдау» ақпараттық-аналитикалық жүйесі/www.taldau.stat.gov.kz/Негізгі/Статистика бөлімдері/Өнеркәсіптік өндірістің статистикасы](#)

[Сапа бойынша есеп](#)

Шығаруға жауапты: Өндіріс және қоршаған орта статистикасы департаменті	Департамент директоры Ә. Шауенова Тел. +7 7172 749056	Орындаушы: С. Тілеуберген Тел. +7 7172 749774 E-mail: sy.tileubergen@aspire.gov.kz	Мекен-жай: 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер Үйі, 4 кіреберіс
---	--	--	--